

«Самұрық-Қазына» АҚ
Басқармасының
2022 жылғы «15» желтоқсандағы
шешіміне № 1 қосымша
№ 68/22 хаттама

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясат

«Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) және оның портфельдік компаниялары жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын, қауіптердің (қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың) алдын алуды, өндірістік қауіпсіздік (бұдан әрі – ӨҚ) саласындағы тиімді басқаруды өзінің негізгі басымдықтары деп санайды және өзіне мынадай міндеттемелерді алады:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының, ұлттық және халықаралық стандарттардың, ӨҚ саласындағы ішкі құжаттардың талаптарын сақтау.
- Салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және жұмыс орындарындағы қауіптерді тиімді басқару.
- Қордың барлық деңгейдегі басшылары тарапынан көшбасшылық пен жауапкершілік арқылы еңбек қауіпсіздігі мәдениетін арттыру.
- Тәуекелдер мен қауіптерді бағалауға негізделген ӨҚ-ты басқаруға жүйелі тәсілді қолдану.
- Қор жұмыскерлерін ұдайы оқытып отыру және ӨҚ саласындағы құзыреттілігін арттыру.
- Өндірістік процестердің қауіпсіздігін, өндірістік активтердің тұтастығы мен сенімділігін қамтамасыз ету бойынша алдыңғы қатарлы салалық стандарттар мен практикаларды енгізу.
- Қауіпті өндірістік объектілерде қызметін жүзеге асыратын ӨҚ саласындағы мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымдарды тиімді басқару, оқыту, бақылау.
- Қор ішінде де, мердігерлік ұйымдар мен мүдделі тараптар арасында да ӨҚ саласындағы үздік практика мен тәжірибені көтермелеу, дамыту және тарату.
- Төтенше және дағдарысты жағдайларда жедел және тиімді ден қою жүйелерін енгізу.
- ӨҚ мәселелері бойынша барлық мүдделі тараптармен ашық диалог жүргізу және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты қалыптастыру.
- ӨҚ саласындағы Қордың қызметі туралы ақпараттың ашықтығын, айқындығын және дұрыстығын қамтамасыз ету.
- ӨҚ саласында оны жақсарту және ұдайы жетілдіру үшін басқару жүйесіне

талдау және бағалау жүргізу.

Қордың ӨҚ саласындағы басым мақсаты – жеке қауіпсіздікті және апатсыз өндірісті қамтамасыз ету, ашықтық деңгейін және қауіпсіздік мәдениетін арттыру, сондай-ақ ӨҚ саласындағы үздік салалық әлемдік тәжірибелерді енгізу арқылы «нөлдік жарақаттануға» қол жеткізу..

Қор ӨҚ саласындағы тәуекелдерді басқару процестеріне тартылған барлық жұмыскерлерді қолдайды және жұмыскерлерге жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына не қоршаған ортаға негізді қауіп төндіретін әлеуетті қауіпті жағдай туындаған кезде жұмыстан бас тартуға немесе жұмысты тоқтатуға заңды құқығына кепілдік береді.

Осы Саясатта көрсетілген міндеттемелер ӨҚ саласындағы мақсаттарды белгілеу үшін негіз болады және Қордың портфельдік компанияларына, мердігерлік ұйымдарға және көрсетілетін қызметтерді берушілерге қолданылады және Қордың әріптестермен іскерлік қатынастар жүйесіне енгізіледі..